



Жакатаева Алтынай Насыпқанқызы 1990 жылы 17 қаңтарда Алматы облысы Қарасай ауданында дүниеге келді. Ұлты қазақ. 2011 жылы Алматы технологиялық университетінің 050732 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау мамандығының бакалавр бойынша үздік аяқтады. 2013 жылы жоғарғыда аталған университеттің 6M073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының магистратурасын аяқтап, техника ғылымдарының магистрі атағын алды. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша доктор (Ph.D) дәрежесін алды (06.04.2022 ж. № 138 бұйрық) ҚР БҒМ КӨКСӨН).

2014 жылдан бастап Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Өңдеу және сақтау зертханасының ғылыми қызметкері атқарған. 2022 жылдан бастап Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Органикалық егіншілік зертханасында ғылыми қызметкер лауазымында жұмыс жасайды. Жұмыс өтілі – 13 жыл.

Жакатаева Алтынай Насыпқанқызы ауылшаруашылық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерге белсене қатысады. 30-дан астам ғылыми еңбектері жарық көрді. Соның ішінде шетелдік Web of Science және Scopus деректер базасына енгізілген мақалар, монография, әдістемелік ұсыныс кітапшасы, патент және Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалардың авторы.

Алтынай Насыпқанқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ғылым қоры» және т.б. қаржыландыру аясында Республикалық ғылыми жобаларға тұрақты түрде қатысып, жауапты орындаушы ретінде көрсетті.

*Испания, Чехия және Литва, Латвияның жетекші ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми тағылымдамадан өтті.*

*20-дан астам сертификат пен дипломдармен марапатталған, Құрмет грамотасы және ТМДнің «Үздік жас ғалымы -2021, 2022» медалімен марапатталды.*

Жақатаева Алтынай Насыпқанқызы Алматы облысы әкімінің «Заңғар-2023» жастар сыйлығының «Ауыл шаруашылығының үздік жас маман» номинациясының жүлдегері атанды.